

Жобаның атауы:

ИРН АР19676894 "Дәл егіншілік жүйесінде дәнді дақылдарға арналған топырақ өңдегіш-сепкіш машинаны жасау"

Өзектілігі:

Дәл егіншілік жүйесінде трактордың ISOBUS терминалымен үйлесімді, машинаны басқарудың қымбат емес және пайдалануда қарапайым бағдарламалық қамтуы бар дәнді дақылдарға арналған, жоғарғы сапаны қамтамасыз ететін және бір жүріс кезінде бірнеше жұмыс операциясын бір мезгілде атқаруға мүмкіндік беретін, жетілдірілген және қол жетімді топырақ өңдейтін сепкіш машинаны жасау:

- 1) топырақты өңдеу, себу және минералды тыңайтқыштарды дифференциалды енгізу, топырақты тегістеу және тығыздау;
- 2) топырақты өңдеу, минералды тыңайтқыштарды тұтас ленталап дифференциалды енгізу, топырақты тегістеу және тығыздау;
- 3) топырақты өңдеу, тегістеу және тығыздау.

Мақсаты:

Ауыл шаруашылық техникасының бағаларының жоғары болу жағдайында шет елдік аналогтармен салыстырғанда төмендетілген эксплуатациялық шығындарға ие, топырақты өңдеудің, себудің және минералды тыңайтқыштарды дифференциалды таспалы енгізудің жоғары сапасын қамтамасыз ететін, дәл егіншілік жүйесінде дәнді дақылдарды себуге арналған топырақ өңдегіш-сепкіш машинаны жобалау және жасау.

Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер:

Жобаны жүзеге асыру нәтижесі бойынша шығарылатын болады:

- Web of Science базасының Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша 35 (отыз бес) кем емес процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу;
- Derwent Innovations Index (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына кіретін кемінде 1 (бір) патент;
- сонымен қатар, ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;

Жоба аясында 1 PhD докторант білім алатын болады, 2 магистрлік диссертация және студенттердің 3 дипломдық жұмысы қорғалатын болады.

Орта фермерлік шаруашылықтарға арналған дәл егіншілік жүйесінде дәнді дақылдарды себуге арналған топырақ өңдегіш-сепкіш машина жасалатын болады, мұнда бір уақытта бірнеше технологиялық операция орындалады: топырақ өңдеу, себу және минералды тыңайтқыштарды дифференциалды енгізу, топырақты тегістеу және тығыздау; топырақты өңдеу, тегістеу және тығыздау бір машинамен жасалады. Жасалатын машинаны сериялы жасау үшін және коммерциализациялау үшін оның ғылыми-техникалық құжаттамасының жинағы дайындалатын болады.

Зерттеу тобының мүшелері:

1 Жоба жетекшісі Адуов М.А., техника ғылымдарының докторы, профессор, <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56127310000>

2. Бас ғылыми қызметкер-Нукушева Сауле Абайдильдиновна, т. ғ. к. <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?origin=AuthorProfile&authorId=56127577900&zone=>

3. Жетекші ғылыми қызметкер-Каспаков Есеналы Жақсалыкович, т. ғ. к., <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194450434&eid=2-s2.0-85020206205>

4. Аға ғылыми қызметкер - Исенов Казбек Галымтаевич, PhD докторы,
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?origin=AuthorProfile&authorId=57194449183>
&zone=

5. Аға ғылыми қызметкері-Володя Кадырбек, а-ш. ғ. магистрі.
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?origin=AuthorProfile&authorId=57194443640>
&zone=

6. Аға ғылыми қызметкер-Тулегенов Талгат Қонысбаевич, а-ш ғылымдарының магистрі.
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57216861903&eid=2-s2.0-85085028445>

Әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат:

Жобаланған машинаны енгізу жанармай шығынын 15% және алқап құнарлылығының агрохимиялық картасына сәйкес дифференциалды енгізудің арқасында минералды тыңайтқыштар шығынын 20% төмендетуге.

Қосымша ақпарат:

Жобаны одан әрі коммерциализациялау үшін ҒТҚН тіркелетін болады.